



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Ұлық ұлыстың атасы

Биыл Ұлық ұлыс – айбынды Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Осыған орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алтын Орданың 750 жылдығын лайықты атап өту және ұлыстың негізін қалаған Жошы хан есімін ұлықтау туралы сөздерін зор ықыласпен қабылдады.



Жошы хан (1180–1227 жж.) негізін қалаған, Алтайдан Альпіге, Ертістен Дунайға дейінгі алқапта билік еткен, Дешті-Қыпшақ даласында шаңырақ көтерген алып мемлекет әдепкіде Ұлық ұлыс деп аталды. Кейін бұл атаву орыс, славян, батыс жылнамаларында хан ордасының алтынмен көмкерілген ордалық киіз үйіне қарай Алтын орда деп аталып кетті.

Тамырлы тарихымыздың бедерлі кезеңін қамтитын Ұлық ұлыс Қазақ хандығының бастауы саналады. Оның бай тарихы қазақ даласымен және халқымыздың негізін құраған ру-тайпалармен тығыз байланысты. Алайда жүртшылықтың көбі, әсіресе шетелдіктер Ұлыстың атасы Жошы ханының мазары Ұлытауда жатқанын біле бермейді. Бұл ескерткіштің Шыңғыс қаған мен оның әuletінен жер бетінде қалған жалғыз белгі екенінен де көбіміз хабарсызыбыз. Оған 2017 жылы Ұлытауға жасаған халықаралық экспедиция барысында көзіміз жетті. Ұлы қаған мен Жошының ұрпақтары тұрмақ, кешегі Қазақ хандығының негізін қалаған тұғырлы тұлғалардан көзге түсерлік, жадыны жаңғыртарлық естелік белгі тым аз қалған жоқ па? Ендеше Сарыарқаның сайын даласының төрінде сан ғасырдан бері көненің көзіне, алтын аңыздың сөзіне айналған бұл аруақты ескеркіштің қастерлі қазақ даласының Алтын Орданың мираскоры екенін әйгілеп тұрғаны анық!

Жошы ханының жұмбағы

Жошы – жолшы, жолаушы, қонақ деген мағына береді. Оның жолда дүниеге келгені, анасының ұзақ уақыт меркіт руы арасында тұтқын болғаны, сондықтан тегінің де «күмәнді» екендігіне қатысты әртүрлі әңгімелер көп айтылды. Көбіне бұған дәлел ретінде де Шыңғыс ханың меркіттермен соғысын алға тартады. Ал Жошы ханың бұл тарихын әйгілі Рашид ад-дин (1247 – 1318 жж.) «Жамиғ ат-тауарих» шығармасында былайша баяндайды: «Жошы хан Шыңғыс ханының ұлдарының арасындағы ең үлкені болатын. Шыңғыс ханың

әйелі Бөрте ханым Жошы ханға жүкті болды. Осы уақытта меркіт руы, ыңғайлы сәтті тауып Шыңғыс ханның үйін торап, оның жүкті болған әйелін де тұтқынға алып кетті. Бұл ру осыған дейін керейіт патшасы Оң ханмен дүшпан болып, дауласып келген болса да, сол кезде олардың арасында бейбітшілік орнаған еді. Сондықтан олар Бөрте ханымды Оң ханға жіберді. Ол Шыңғыс ханның әкесімен екеуі анда болғандықтан әрі Шыңғыс ханды ұлым деп атағандықтан, Бөрте ханымды сыйлайтын әрі құрмет ететін» дей келе, бұл жағдайдан хабардар болған Шыңғыс ханның Оң ханға Бөрте ханымды қайтарып беру туралы өтінішпен жалайыр руынан шыққан Саба есімді әміршіні жібергені туралы баяндайды. Оң хан Бөртеге қамқорлық жасап, оны Сабамен бірге қайтарған. Әрі қарай Рашид ад-дин былай жалғастырады: «Жолда кенеттен дүниеге ұл туды, осы себептен оны Жошы (Жолшы) деп атады. Жол қауіпті болғандықтан бесік құрастыру қыын еді. Саба біраз жұмсақ қамыр илеп, оған баланы орап алды да, оны өзінің етегіне салып алды. Ол оны абайлап алып жүріп, Шыңғыс ханға жеткізді. (Жошы) өскенде әрдайым әкесіне еріп жүрді және сәттілік кездерде де, қыындық кездерде де үнемі оның жаңында болды».

Демек, Бөрте тұтқынға тұскенге дейін жүкті болған, ал аяғы ауыр келіншекті меркіттер Оң ханға берген. Шыңғыс ханды ұлындағы көрген керей ханы оны еріне қайтарған. Бұл мәлімет Монголдың құпия шежіресінде және Мырза Ұлықбектің «Улус-и арба-и Чингизи», Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрк шежіресі», Қадырғали би Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарих» еңбектерінде қайталанады. Мырза Ұлықбек тұтқынға тұскенде Бөртенің алты айлық жүкті болғанын жаза отырып: «Ұлы Сахиб-и Қыран Шыңғыс ханның мейірімділігі, махаббаты мен игі ниеттілігі шамадан тыс болғандығы соншалық, Шағатай мен Үгедей қызығаныштан осындағы ұлken өтірікті ойлап тапты» деп, олардың Жошыға жала жапқанын айтады. Ендеше Жошының тегіне байланысты күмән болмауы тиіс деп ойлаймыз.

Өзі ғалым, өзі хан Ұлықбек «Шыңғыс хан Жошыны өзге ұлдары мен қыздарынан көбірек жақсы көрді» дейді. Бұл рас сөз сияқты. Мәселен, «Монголдың құпия шежіресіне» жүгінсек, Қоян жылды (1207) оң қанат әскерімен Орман еліне аттанған Жошы мәмілегерлік тәсілмен ойрат пен қырғызды бағындырып оралғанда Шыңғыс хан сүйсініп: «Ұлдарымның ағасы сен үйден шыға сала жолып болып, барған жерінде ерді жарақаттамай, жылқыны қинамай, ырысты Орман ел-жұртyn түгел бағындырып келдің. Осы ел-жұртты саған берейін», деп жарлық еткені баяндалады. Бұл – ұлы қағанның ұлына сүйсініп, сенгенін, болашақ мұрагер ретінде үміт артқаның көрсетеді. Жошы бұдан кейін Дешті-Қыпшақ даласы мен Сартауылға (Хорезмге) жасаған жорықтардың басында жүрді. Ол барлық сапарларынан тек жеңіспен оралды. Парсы тарихшысы Жузжани (1226) еңбегінде «Шыңғыс ханның ұлкен ұлы Жошы өте батыл, қайсар, ержүрек жауынгер болды. Оның күш-қуаты соншалықты, тіпті әкесі одан сескенетін еді» дейді.

Дүниеге келуі көп әңгімеге негіз болған Жошының өмірден озуы да, өлімі де жұмбак. Өтеміш қажы «Шыңғызнаме» шығармасында «Шыңғыс хан бір тарапы Бағдат, екіншісі Үндістан, үшіншісі Дешті-Қыпшақ пен Еділ дариясы болған уәлаяттарды жаулап алғаннан соң, осы уәлаяттарды өзінің ұлдарына бөліп берді... Жошы хан ұлдарының ұлкені еді. Шыңғыс хан оған ұлкен әскер

берді де, Дешті-Қыпшақ уәлаятына тағайындал жіберді: «Аттарыңа жайылым болсын» деп Хорезм уәлаятын тағы берді. Жошы хан Дешті-Қыпшаққа бет алдып, әйгілі Ұлытауға жетті. Бір күні тауда аң аулап жүргенінде оған бір табын марал-киік кезігеді. Аңды қуалап жүріп атарда ол атынан жығылды да, содан мойны үзіліп, мерт болды» деп жазады. Ал Ұлықбек: «...Ордаға Жошы ханның өлімі туралы хабар келгенде, хабарды ұлы Сахиб-и Қыран Шыңғыс ханға жеткізуге ешкімнің батылы жетпеді. Ақыры әмірлер бір шешімге келді: ханға жақын ұлы әмірлердің бірі Ұлық жыршыдан бұл хабарды мұмкіндігінше жеткізуін сұрау. Содан соң ұлы Шыңғыс хан жыр айтуда бұйырғанда, Ұлық жыршы ынғайлыша үақыт тауып жеткізгенін» жазады. Әрі қарай оқиға былай өрбиді:

Теңіз бастан бұлғанды, кім тұндырар, а, ханым?

Терек түптен жығылды, кім тұрғызар, а, ханым? – деп сұрайды жыршы.

Шыңғыс хан бұған:

Теңіз бастан бұлғанса, тұндырарұлым Жошы-дүр,

Терек түптен жығылса, тұрғызарұлым Жошы-дүр! – жауап береді.

Бірақ жыршы өзінің өлеңін қайталай беріп, көзінен жас ағып тұрды. Мұны көрген Шыңғыс хан секем алды:

Жырың көңіл үркітер,

Жошы ұлым өлді ме? – деп сұрайды.

Сонда жыршы Шыңғыс ханға қарап:

Сөйлемекке еркім жоқ, сен сөйледің, а, ханым!

Өз еркінмен өзіне жауап бердің, а, ханым! – деген екен егіліп.

Осы кезде Шыңғыс хан да:

Құлыны өлген құландай, құлынымнан айрылдым,

Айрылысқан аққудай, ер ұлымнан айрылдым! – деп жоқтаған екен.

Бұл дерек қазақ аңыздарымен де сәйкеседі. Мәшінүр Жұсіп Көпейұлы: «Алаша ханның Жошы хан деген жалғыз баласы болыпты. Құлан қуамын деп, бала астындағы аты желігіп, құланның әңгісіне еріп, қазасы сонан болып, бала аттан жығылып, құлан теуіп өлтіріпті.

Алаша хан, Жошы хан,

Ақсақ құлан жосыған.

Құлан теуіп өлтірді,

Бұйрығын ақтан келтірді, – дейтүғын сөз содан қалған», – деген дерек келтіреді. Халық күйі «Ақсақ құлан» да осы аңызбен сарындаш шыққан. Мұнда Ұлық жыршы Кетбұқа, Кербұға күйші деп аталады. Тек алдыңғы деректе Шыңғыс хан өзін «құлыны өлген құланға» теңеп отырса, халық фольклорында Жошының ажалы құланнан болған. Бұл аңызға сенсек, Арқадағы Алаша хан – Жошы ханның әкесі болып шығады.

Жошының өлімі туралы Рашид ад-Диннің дерегі де қызық. Ол Отырады алғаннан кейін әкесінің бұйрығын тыңдамай, өз меншігіндегі елге кетіп қалған Жошыға Шыңғыс ханның ашуланып, «өлімге кесем, оған мейірім болмас!» дегенін жазады. Осы дерекке сүйенсек, Жошы көп ұзамай сырқаттанып қалған, сөйтіп әкесінен кешірім сұрап, оның шақыртуларына бара алмаған. Соңғы рет шақырту жібергенде келмегендеге құзырына шыққан бір маңғұт Жошының тауда аң аулап жүргенін көргенін айтады. Бұған ашуланып, «ол бұлік шығарып,

әкесінің сөзіне мән бермейтін болған екен» деп ойлаған Шыңғыс хан Жошыны жазалау үшін Шағатай мен Үгедей басқаратын әскерге жорыққа шығуға бұйрық береді. Өзі де жорыққа аттанбақ болып тұрғанда Жошының сырқаттан қайтыс болғанын естіп, қатты қапа болады. Артынша әлгі жалған сөйлеген маңғұтты іздеткенімен, оны таба алмайды. Шыңғыс хан мен оның әuletі жөніндегі ең сенімді жылнамалар жинағы осылай дейді. Бұған қарап Шағатай мен Үгедейдің шағыстыруымен Шыңғыс хан мен Жошының арасы суып кеткенін аңғаруға болады. Тіпті, әлгі маңғұтты Жошының екі інісі әдейі үйымдастыруы әбден мүмкін. Сондықтан Шыңғыс хан Жошыны «тағыма таласады» деген күдікпен жансыздары арқылы өзі өлтірді деген де болжам бар.

Көк күмбезді кесене

Жошы қайтқаннан кейін Ұлы далада, Ұлытау өңірінде әсем кесенесі бой көтерді. Кесене маңында Жошы ордасы деген жер бар. Қаракенгір өзенінің жағасында орналасқан Жошы хан кесенесі порталды-күмбезді құрылыш түріне жатады. Күмбезі көгілдір түсті глазурмен жабылған, құйдірілген кірпіштермен қаланған. Ж.Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан мазарына жүргізілген қазба жұмыстары барысында шикі кірпіштен салынған қоныстардың орны анықталған.

Ұлытау өңіріндегі бұл кесенелер туралы алғаш рет XVI ғасырдағы Хафiz Таныштың «Шараф-наме-и шахий» атты еңбегінде кездеседі. Аталған тарихи еңбекте 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығында осы Жошы хан кесенесі маңындағы сарайға тоқтағаны туралы жазылады.

Жошы хан кесенесі туралы академик Қаныш Сәтбаев «Доисторические памятники в Джезказганском районе» атты зерттеу мақаласында: «Басқағыл тауының оң жағында, Қенгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған, күмбезді, төртбұрышты көне үш кесене сақталған. Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі «алтынордалық стильге» жақын. Халық арасындағы азызға сүйенсек, бұл кесенелер Алаша хан, Жошы хан және дәулеукер күйші Домбауылға тиесілі екен» деп жазды.

Одан кейін 1946 жылы академик Әлкей Марғұлан Жошы хан кесенесіне алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Кесененің ішіне қазба жұмысын жүргізгенде екі қабір анықталған болатын. Бірінші қабірден темір шегелермен бекітілген ағаш табыттың қалдықтары табылған. Қазбаны жалғастыра түскенде қабірдің түбінен үстіңгі жақ сүйегі жоқ адамның бас сүйегі шыққан. Ең қызықтысы, сүйектерді жинастырғанда бір қолдың сүйектері жетіспейтіндігі анықталды. Қабірге орта жастағы ер адам жерленген екен. Қабірден жабайы жануар сүйектері, түйенің бас сүйегі, былғарының бөлшегі, мата және ту табылды. Фалым әсіресе қабірге жабайы жануарлардың сүйегінің қойылуына аса мән бере отырып, бұл факті «Жошыны аң аулап жүргенде жабайы құландар теуіп өлтірді деген тарихи деректерді қуаттайды», – дейді. Ә.Марғұлан қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректердегі мәліметтерді салыстыра келе, бұл кесенедегі қабірлер Жошы хан мен оның әйелдерінің біріне тиесілі деген шешімге келеді. Бір азыздарда Жошы хан қабірге бір қолсыз жерленген десе, келесі азызда бұл кесенеде Жошының тек

бір қолы немесе «Жошы ханның шынашағы» қойылған дейді. Ә.Марғұлан кесенені 1228 жылы, марқұмның жылдығына дейін тұрғызылған дейді.

Археолог Ж.Смаилов кесененің салыну мерзімі туралы: «Өзбек хан тұсында Алтын Ордада ислам діні ғұлденіп, мемлекеттің ресми дініне айналды. Осы уақытта Жошы әuletі ата-бабаларына арнап кесене тұрғыза бастады, солардың біріншісі Жошыға арналса керек. Кейіннен мұнда Жошы үрпақтарының бірі жерленген болуы мүмкін», деген пікірді алға тартады.

Зерттеушілердің арасында кесененің уақытына қатысты түрлі пікірлер болғанымен, оның сәулеттік құрылымы Қарахан дәүірінің архитектуралық ескерткіштерінен алыс кетпегенін байқаймыз. Ескерткіштің жоғары жағының күмбезді болып орнатылуы шығыстық, мұсылмандық ұлгіде орындалғанын көрсетеді. Осы кесенеге қазба жүргізу барысында табылған тарихи-мәдени құндылығы жоғары жәдігердің бірі – араб жазуы бар плита ойымызды қуаттай түседі. Бұл деректер кесене салынған уақытта Ұлық ұлыстағы ислам дінінің әлеуетін көрсетеді. Ғалымдар археологиялық, архитектуралық ерекшеліктеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша кесене Жошыға арнап орнатылған деген тоқтамға жүгінеді. Біздіңше, бұл кесенені Жошының ұлы Берке салдырған болуы тиіс. Тарихшы Жузжани Берке хан туралы «Жошы ханның ұлы Берке жорық кезінде мұсылман жерінде туған екен. Берке туар кезінде анасына Жошы былай деген екен: «Осы ұлды мұсылман ене асырасын, кіндігін мұсылман кессін, Берке мұсылман ананы еміп өссін, ол мұсылман болып өссін». Егер осы әңгіме шын болса, Жошыға Алла тозақ отын женілдетсін. Сөзсіз осы батамен Берке өсіп ержеткен соң мұсылмандыққа бет бүрді. Осы заман 658 хижра жылы (1259 – 1260) Жошыдан қалған мұсылман билеуші осы болатын» деп жазған екен. Бұл дерек бізді Жошы заманы ұлыста мұсылмандықтың бастауы болды деген ойға итермелейді. Жошының бір баласының есімі Мұхаммед болуы да ойымызды бекіте түседі. Ендеше, ислам дінін қабылдаған Беркенің өз әкесін мұсылман ғұрпымен жерлеуі әбден мүмкін.



Аңыз тұби – Алаша хан

Жошы хан кесенесінен 30 шақырым ғана жерде Алаша хан кесенесі орналасқан. Бұл кесене Жошының әкесі Шыңғыс ханға арнап орнатылған деген көнекөз әңгімелермен қатар, ғылыми зерттеулерге сүйенген қарама-қайшы пікірлер көп кездеседі. Кесене порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Оның мазарға кіретін қақпасы арка түрінде әспеттеліп, әдемі өрнекпен өрілген.

Кірпішті өріп қалау тәсілі, шығыстық үлгідегі қасбеті, ондағы ою-өрнектер-барлығы ортағасырлық дәстүрлі сәulet өнерін көрсетеді. Кесененің композициялық құрылымы, әсемделген күмбезі, ою-өрнекті кірпіштері, шығыстық үлгідегі қақпасы ортағасырлық Қарахан дәуірінде кең тараптан сәuletтік құрылыштарды еске түсіреді. Жошы хан мен Алаша хан кесенелерінің архитектуралық құрылымдары бір-біріне ұқсас.

Алаша хан кесенесін алғаш зерттеген ғалым, академик Қ.Сәтбаев халық аузындағы әңгімелерге сүйеніп: «Алаша хан дегеніміз XVI ғасырда билік құрған Хақназар хан» десе, Ә.Х. Марғұлан бұл кесененің композициялық құрылымын Мервтегі Санжар сұлтан мен Кермандағы Мир-Сайд Бахромның (X – XII ғғ.) кесенелеріне жақындығын ескере келе, Алаша хан кесенесі монғол дәуіріне дейін орнатылған дейді. 1946 жылдары Г.Г. Герасимов кесененің архитектуралық ерекшеліктерін басқа да ортағасырлық ескерткіштермен салыстырып, кесенені халық шеберлері XIII ғасырдың екінші жартысында тұрғызған деп тұжырымдайды.

Кесененің уақыт пен жауын-шашын тезінен тозған кірпіштері, көнерген күмбезі, шығыстық үлгіде салынған қасбеті, сегіз қырлы қабырғалары, жалпы сәuletтік стилі ерте дәуірлерге жетелейді. Кесененің сәuletтік құрылышының археологиялық, архитектуралық ерекшеліктері мен халық жадындағы аңыз-әңгімелерді сарапай келгенде, Алаша хан кесенесінің Жошы кесенесімен шамалас кезенде салынғаны байқалады. Алаша хан кесенесінің алдынан табылған кірпіште ұш аяқты төре таңбасы кездеседі. Н.Базылханның пікірінше, бұл таңба Берке ханның таңбасымен сәйкес келеді. Ал Берке хан (1209 – 1266) заманында Ұлық ұлыста ислам дінінің кеңінен тараптаны белгілі. Жошы мен Алаша хан кесенелерінен табылған арабша жазуы бар плита мен төре таңбасының Берке таңбасымен сәйкес келуі, ескерткіштің салыну мерзімін Берке билік еткен жылдармен сәйкес келеді деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін орнату үшін алдымен оның ұстазы Арыстан бабқа кесене салдырғаны тарихтан белгілі. Сол сияқты, біздіңше, алты Алаштың атасы, ұлыстың ұраны саналған Алаша хан кесенесі аңыздық Ашина, көне кітаптардағы Абулжа-Алынша ханнан бастап Алаша-Шыңғыс ханға дейінгі Жошының бүкіл бабаларына арналып символикалық мақсатта салынған болуы мүмкін.

Жошы хан мен Алаша хан – қазақ тарихының қайнар бастауда тұрған тұлғалар. Ұлт ұясы Ұлытау аймағындағы ұлы ханның киелі кесенесі – ұлыстың атасына деген ғасырлар елегінен өткен халық махаббатының тозбас көрінісі. Соңдықтан Жошы мен Ұлық ұлысқа лайықты құрмет көрсету – парызымыз. Бұл тұрғыдан алғанда, Ұлық ұлыстың 750 жылдығы тұсында Жошының атына бір көшенің, яки бір ескерткіштің болмауы – елдігімізге сын деп ойлаймыз. Сонымен қатар осы мерейлі жылда Жошы хан, Алаша хан кесенелеріне кешенді тұрде археологиялық, этнографиялық зерттеу жұмыстары қолға алынып, «Орда Базар» қаласы мен «Жошы Ордасын» анықтау қажет деп есептейміз. Табылған археологиялық артефактілерге жіті назар аударып, кесенеде жерленген тұлғаның антропологиялық келбетін қайта қалпына келтіруге болар еді. Кесенедегі таңбалар мен жазуларды тарихи, тілдік тұрғыда зерделеп,

реставрация және консервация жұмыстарын да жүргізу қажет-ақ. Ғылыми жинақтар шығарып, белгілі ғалымдардың қатысуымен конференциялар өткізу ісі де Алтын Орда зерттеулерін жаңа белеске көтереді. Осындай іргелі жұмыстарды ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде бастап кеткен Халықаралық Түркі академиясы бұл іске дайын.

Ұлық ұлыстың ұлағатты тарихымен Жошы хан тұлғасы жайында фильмдер түсірілсе деген тілек бар. Келешекте жолдарды түзетіп, дәмхана, қонақүй кешендерін халықаралық стандартқа сәйкестендіріп, туристік бағыт қолға алынса, Жолдауда айтылғандай, тұғырлы тұлғаға арнап келушілер легі көбейе түсери анық.

Президентіміздің Ұлытауға сапары көптен көкейде жүрген осы тілектердің орындалуына тұртқі болады деп сенеміз!

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ